

**«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ  
ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті  
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы**



**ПӘННІҢ ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ  
GCh 1101 «Оқу сауаттылығы»**

Семестр – 2  
Кредит саны – 6  
Сағат саны – 4

Алматы 2024

Пәннің оқу-әдістемелік кешенін жасаған: аға оқытушы А.М. Какенова  
Эксперименттік білім беру бағдарламасының негізінде әзірленді

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының мәжілісінде қарастырылған және ұсынылған.  
«09» 01 \_\_\_\_\_ 2024 ж. Хаттама № 12

/ Кафедра меңгерушісі Т. Ступа Н.Б.Тәуекелов.

**СИЛЛАБУС**  
**2024-2025 оқу жылының көктемгі семестрі**  
**« \_\_\_\_\_ » білім беру бағдарламасы**

Пәннің ID және атауы 85879 Оқу сауаттылығы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ) БӨЖ саны 5	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны 6	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ) 7
		Дәрістер (Д) -	Семинар сабақтар (СС) 6	Зерт. сабақтар (ЗС) -		
<b>ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ</b>						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері		Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы	
Аудиториялық	ОК	-	практикалық		Ауызша	
Дәріскер (лер)	Какенова А.М.					
e-mail:	Aldiyar-1976@mail.ru					
Телефоны:	87474016077					
Ассистент (тер)						
e-mail:						
Телефоны:						
<b>ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ</b>						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*				ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)	
Қандас тыңдаушыларды Қазақстан Республикасының Жоғарғы оқу орындарына оқуға түсу үшін оқу сауаттылығы пәні бойынша кешенді тест сынағын тапсыруға дайындау.	1. Тіл дыбыстарын оқытуда қазақ тілінде сауатты жазуға дағдыландыру, лексикалық сөздік қорын дамыта отырып сөйлеу дағдысын қалыптастыру;				1.1 Грамматикалық талдау дағдысын дамыта отырып, сауатты әрі көркем жаза алады,	
	2. Мәтінмен жұмыс жасай білуге дағдыландыру, мәтінге сұрақ қоя білуді үйрету, мәтіннен негізгі идеяны таба білу, мәтінге сүйеніп диалог құрастыра білуге дағдыландыру, мәтіннен түсінгеніне сүйеніп, ой қорыта білуге дағдыландыру;				1.2 Білім алушы бойындағы шығармашылық қабілеттерді ашып және оны дамыта алады;	
	3. Қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін жүйелі түрде буынға сабақтастырып, одан орфография мен орфоэпия заңдылықтарының қағидаларын меңгеру, оқу және қажет болған жағдайда ресми-іскери қарым-қатынаста сөйлесе білуге, оған тән ерекшеліктерді жүйелі түрде қабылдай алуға, түсінуге қабілетті болады.				2.1 Мәтін бойынша жеңіл және күрделі сұрақтар құрастыра алады, мәтіннен алған жаңа ақпаратты сұрыптай алады;	
					2.2 Түрлі тапсырмаларды орындауда қолдана алады, мәтін идеясын өмірмен байланыстыра алады, рефлексия жасап ой қорыта алады.	
					3.1 Теориялық ережелерді мәтін мазмұнынан екшей отырып, жинақтау, түсіндіру, нәтижені сұрыптау үдерістерін жүзеге асыра алады;	
					3.2 Оқу барысында нақты шешімдер қабылдай білу, презентациялар жасап, ой түйіндеуге қабілетті бола алады;	

	<p>4. Қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауға және хабарлауға, қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беруге, таным мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелескен адамға әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалану;</p>	<p>3.3 Мәтіннің әрбір бөліктерін, қорытындысын сипаттап бере алады, бөліктерге бөліп тұжырымдай алады;</p> <p>4.1 Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алады;</p> <p>4.2 Түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алады;</p> <p>4.3 Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдау жасай алады;</p>
<b>Пререквизиттер</b>	-	
<b>Постреквизиттер</b>	Қазақ тілі, оқу сауаттылығы, әдебиет пәндері	
<b>Оқу ресурстары</b>	<p><b>Оқу әдебиеттері:</b></p> <p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қадырқұлов Қ.Ш., Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: «Қазақ университеті», 2018;</li> <li>2. Наралиева Р.Т., Тойғанбекова М.Ш. Сұлтанова Б.М., Оқу сауаттылығы. Алматы «Қазақ университеті», 2019;</li> <li>3. Тастемирова Г.А., Ибраимова Ж.Т. Т. Қазақ тілі: оқиық, үйренейік, ізденейік. Өнд., толық. 2-бас.: оқу құралы. Алматы. «Қазақ университеті», 2021;</li> <li>4. Наралиева Р.Т., Оқу сауаттылығы: оқу құралы. Алматы: «Қазақ университеті», 2020;</li> <li>5. Наралиева Р.Т., Тойғанбекова М.Ш. Идирисова. Оқу сауаттылығы. Алматы: «Қазақ университеті», 2017.-162б.;</li> <li>6. Наралиева Р.Т. Қызықты қазақ тілі. Алматы. «Қазақ университеті», 2020;</li> <li>7. Наралиева Р.Т., Тастемирова Г.А., Тілеужанова Г.Т. Қазақ тілі: оқу-әдістемелік құралы. Алматы. «Қазақ университеті», 2021.-125б.</li> <li>8. Қанат Ибрагимов. Qazaq tili. Талапкерге арналған оқулық-тест. Алматы: «ШЫҢ-КІТАП», 2018;</li> <li>9. Қазақ тілі пәнінің оқу бағдарламасына нұсқаулық. Құрастырғандар: Наралиева Р.Т., Көккөзова М.Б. Алматы. «Қазақ университеті», 2015.</li> </ol> <p>Қосымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жұбанов Қ., Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, Алматы – 2010;</li> <li>2. Томанов М., Тіл тарихы туралы зерттеулер, Алматы – 2002;</li> <li>3. Х.М. Кәрім, Диалектология мен казак әдеби тіл тарихы мәселелері, Алматы – 2001;</li> <li>4. А.А. Қасымбек. Е.Б. Байшигешева. Ж.Д. Құлдарова. Өмірдің өзі – эссе. Алматы – 2017;</li> <li>5. З.С. Күзекова. Г.С. Пазылова. Е.Қ. Әбдірәсілов. Қазақ тілі. Тестілеу теориясы мен практикасы. Алматы: «Құс жолы» 2009;</li> <li>6. Гүлдархан Смағұлова. Мәтін лингвистикасы. Оқу құралы. Алматы. «Қазақ университеті», 2002;</li> <li>7. Қазақ тілінен мәтіндер жинағы. Құрастырғандар: Н.Қ. Мәтбек, Г.А. Тастемирова. Алматы. «Қазақ университеті», 2017;</li> </ol> <p><b>Ғаламтор ресурстары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <a href="http://kz.testing.kz/">kz.testing.kz/</a>;</li> <li>2. <a href="https://ziatker.kz/docx/oqy_sayattylygy_boiynsa_test_suraqtary_27263.html">https://ziatker.kz/docx/oqy_sayattylygy_boiynsa_test_suraqtary_27263.html</a>;</li> <li>3. <a href="https://testcenter.kz/upload/iblock/d2d/o_u-sauattyly_y.pdf">https://testcenter.kz/upload/iblock/d2d/o_u-sauattyly_y.pdf</a>;</li> <li>4. <a href="https://Guesl_KazNU_AccessKazNU12/">https://Guesl_KazNU_AccessKazNU12/</a>;</li> <li>5. <a href="https://appptest.testcenter.kz/">https://appptest.testcenter.kz/</a>;</li> <li>6. <a href="https://itest.kz/">https://itest.kz/</a>;</li> <li>7. <a href="https://edutest.kz/">https://edutest.kz/</a>;</li> </ol>	

8. <https://nqt.kz/>;  
 9. <https://uchus.kz/test/testter-kz-platforma-samopodgotovki-k-testam/>;  
 10. <https://tyndau.kz/testcenter-kz-vhod-v-naczionalnyj-czentr-testirovaniya/>.  
 11. <https://www.ymnik.kz/tests/>.

**Пәннің академиялық саясаты**

Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айкындалады.

Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.

**Ғылым мен білімнің интеграциясы.** Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.

**Сабаққа қатысуы.** Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

**Академиялық адалдық.** Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

**Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.** Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail 87773715024 sandu\_210380@mail.ru немесе s.nurtileuova@kaznu.edu.kz MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады.

**МООС интеграциясы (massive openline course).** МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.

**Назар салыңыз!** Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

**БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

Оқу жетістіктерін есептеудің балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	<p><b>Критериалды бағалау</b> – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.</p> <p><b>Формативті бағалау</b> – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарысөздер, доңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p><b>Жиынтық бағалау</b> – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БОЖ орындаған кезде семестр</p>
A	4,0	95-100	Өте жақсы	
A-	3,67	90-94		
B+	3,33	85-89	Жақсы	

				ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқығудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді менгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
B	3,0	80-84			
B-	2,67	75-79			
C+	2,33	70-74			
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық		
C-	1,67	60-64			
D+	1,33	55-59			
D	1,0	50-54			
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз		
F	0	0-24			
				Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар
				Дәрістердегі белсенділік	5
				Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20
				Өзіндік жұмысы	25
				Жобалық және шығармашылық қызметі	10
				Қорытынды бақылау (емтихан)	40
				ЖИЫНТЫҒЫ	100

Апта / модуль	Тақырып атауы	ОН	ЖИ	Сағат саны	Ең жоғары балл	Білімді бағалау формасы	Сабақты өткізу түрі / платформа
---------------	---------------	----	----	------------	----------------	-------------------------	---------------------------------

**ОҚУ КУРСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КҮНТІЗБЕСІ (кестесі)**

Модуль 1							
1	<b>Тәжірибелік сабақ 1</b> Мәтіннің стильдік ерекшеліктері. Тыңдалым және айтылым. Оқылым.	ОН 1	ЖИ 1.1.	6	8		
	<b>Тілдік бағдар</b> 1-сабақ.Етістік.Етістіктің ерекшеліктері. Етістіктің ережесіне сай етістіктер. Қимылдың өзін емес, қалпын білдіретін етістіктер. 2-сабақ. Негізгі және көмекші етістіктер. Салт және сабақты етістік. Етістіктің мағыналық түрленуін мәтін арқылы ажырату. 3-сабақ. Түбір және туынды етістік. Туынды етістіктердің жасалу жолдары. Етістіктен етістік жасайтын жұрнақтардың етіс түріне қатыстылығы. 4-сабақ. Дара және күрделі етістіктер. Күрделі етістіктің көп құрамдылығы. Біріккен етістіктер. 5-сабақ. Болымды және болымсыз етістіктер. Тұйық етістік, ерекшелігі /қимыл есімі/ Етістіктің құрылымдық түрленуін мәтін бөлімдерінен табу. Мәтін мазмұнындағы қалып етістіктердің қызметін ерекшелеу.	ОН 1	ЖИ 1.1.			Формативтік	
2	<b>Тәжірибелік сабақ 2</b> Әр түрлі жанрда мәтіндер құрастыру.	ОН1	ЖИ 1.1 ЖИ 1.2	6	8		
	<b>Тілдік бағдар</b> 6-сабақ. Етістер: өздік	ОН3	ЖИ3.			Форма	

	<p>етіс, өзгелік етіс. Олардың жасалу жолдарындағы көкейкестілік. Қимыл иесінің тұлғалану үдерісін мәтін арқылы баяндап, жеке сөйлемдерді жазып көрсету.</p> <p>7-сабақ. Ырықсыз етіс пен ортақ етіс. Ырықсыз етіске тән басты белгі. Ортақ етіс қалпында түбірге айналған етістіктер.</p> <p>8-сабақ. Есімше ерекшелігі, түрлері, өткен шақ есімше.</p> <p>9-сабақ. Келер шақ есімше және түрлері.</p> <p>10-сабақ. Көсемше түрлері. Етістіктің негізгі екі формасын мәтін мазмұны арқылы талдап, сөйлемдегі ой тиянақтауға әсерін оқшаулап беру. Көсемше формалы етістіктің үшінші жақта жіктелуіне назар аудартып, көсемшелік сипатты ерекшелеу</p>		1.			ТИВТІК	
2	<b>ТӨЖ 1. БӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру.</b>	ОН2	ЖИ 2.1 ЖИ 2.2	6	20		
	<b>ТӨЖ:</b> Оқу сауаттылығына арналған мәтіндер. Әр мәтіннің соңынан берілген тест тапсырмаларын орындау.	ОН3	ЖИ 3.1 ЖИ 3.2				
3	<b>Тәжірибелік сабақ 3</b> Эссе жазудың маңызы.	ОН2	ЖИ 2.1				
	<b>Тілдік бағдар</b> 11-сабақ. Етістіктің шақтары. Шақтардың жасалу жолдары. Мәтін мазмұнындағы шақ түрлерін ажырату. Мәтіннен алынған сөйлемдерді шақ түрлеріне өзгерту. 12-сабақ. Етістіктің райлары. Ашық және бұйрық рай. Түбір күйіндегі етістіктердегі рай түрі. Сұрақ қойылмайтын негізгі етістіктер. Оларды мәтін бойынша табу. 13-сабақ. Қалау және шартты райлар. Қалу райлы сөйлемдердің жақсыз болуы. Шартты райлы етістіктің тиянақсыз баяндауыштық сипаты. 14-сабақ. Етістіктің сөйлемдегі қызметі. Есімше тұлғалы етістіктердің сөйлем мүшесі болудағы белсенділігі. Көсемше тұлғалы етістіктердің сөйлем құрамындағы орны.	ОН 1	ЖИ 1.1		8		

4	<b>Тәжірибелік сабақ 4</b> Көркем әдебиет стилінде жазылған мәтінге талдау.	ОН2	ЖИ 2.2.	6	10	Форма тивтік	
	<b>Тілдік бағдар</b> 15-сабақ. Үстеу. Негізгі және туынды үстеулер. Туынды үстеудің жасалуы. Үстеу қызмет жасайтын сөз таптары. 16-сабақ. Үстеулердің мағыналық түрленуі. Етістікке тікелей қызмет көрсете алмайтын үстеу түрі. Мәтін құрамындағы үстеулердің қолданылу жиілігі. 17-сабақ. Үстеулердің сөйлемдегі басты қызметі /Мәтін бойынша/. 18-сабақ. Шылау сөздер. Түрлері. Септеулік шылаулар, ерекшеліктері, түрлері.	ОН3	ЖИ 3.1 ЖИ 3.2				
4	<b>ТООЖ 2. БӨЖ 2 орындау бойынша кеңес беру</b>	ОН4	ЖИ 4.1 ЖИ 4.2	6		жиынтық	
	<b>ТӨЖ 2</b> Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау. Оқу сауаттылығына арналған мәтіндер. Әр мәтіннің соңынан берілген тест тапсырмаларын орындау	ОН3	ЖИ 3.1 ЖИ 3.2		20		
5	<b>Тәжірибелік сабақ 5</b> Ауызекі сөйлеу стилінде жазылған мәтінге талдау.				8	Форма тивтік	
	<b>Тілдік бағдар</b> 19-сабақ. Жалғаулық шылау, ерекшелігі, түрлері. Демеулік шылау, ерекшелігі, түрлері. Мәтін мазмұнындағы шылаулардың шылау түрлерінің қолданылу қызметі. 20-сабақ. Шылаулардың емлесі. Шылаулардың жұрнақ пен жалғауға түрленуі. 21-сабақ. Еліктеуіш сөздер. Дыбыстық еліктеуіштер, олардан жасалатын сөз таптары. Еліктеуіш сөздердің кезеңдік құбылысы. Еліктірмейтін еліктеуіштер. 22-сабақ. Бейнелеуіш сөздер. Ережеден тыс бейнелеуіштер. Еліктеуіштердің сөйлемдегі қызметі.	ОН 1	ЖИ 1.1				
6	<b>Тәжірибелік сабақ 6</b> Ресми іс-қағаздар стилінде жазылған мәтінге талдау.	ОН4	ЖИ 4.1 ЖИ 4.2	6	8	Форма тивтік	
	<b>Тілдік бағдар</b> 23-сабақ. Одағай сөздер, ерекшеліктері. Одағайдың түрлері.	ОН3	ЖИ 3.1 ЖИ				



	<p>Одағайдың тыныс белгісі. Жекіру одағайдың тапшылығы. Одағайлардың варианттылығы.</p> <p>24-сабақ. Модаль сөздер, ерекшелігі. Модаль сөзді баяндауыштар. Олардың мәтіндегі ой тұжырымдау сипаты.</p> <p>25-сабақ. Сөз таптарын толық қайталау. Арнайы мәтіндегі сөйлемдерден сөз таптарының қолданылу жиілігін сараптау.</p> <p>26-сабақ. Синтаксистің зерттеу нысаны. Синтаксистің үш саласы: сөз тіркесі синтаксисі, жай сөйлем синтаксисі, құрмалас сөйлем синтаксисі.</p> <p>27-сабақ. Сөз тіркесі. Сөз тіркесіне ұқсас конструкциялар. Тұрақты тіркес, күрделі сөз, түйдекті тіркес. Сөз тіркесінің негізгі белгілері. Сөздердің тіркесі қабілеттілігін анықтау.</p>		3.2				
7	<p><b>Тәжірибелік сабақ 7</b></p> <p>Публицистикалық стильде жазылған мәтінге талдау.</p>	ОН2	ЖИ 2.1 ЖИ 2.2	6	10	Форма тивтік	
	<p><b>Тілдік бағдар</b></p> <p>28-сабақ. Сөз тіркесі сыңарлары: бағыныңқы, басыңқы сыңарлар. Есімді, етістікті сөз тіркестері. Жай, күрделі сөз тіркестері. Сөз тіркестерін мәтіннен басыңқы сыңарлары арқылы табу.</p> <p>29-сабақ. Сөздердің тіркесу амалдары: Жалғаулар, шылаулар арқылы, орын тәртібі және интонация арқылы. Шылау арқылы байланысқан сөз тіркесінің сөйлемдегі өзметін ерекшелеу.</p> <p>30-сабақ. Сөз тіркесінің байланысу түрлері. Қиыса және матаса байланысқан сөз тіркестері.</p> <p>31-сабақ. Меңгеріле байланысқан сөз тіркесі. Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін мәтін құрамынан толық меңгеру.</p>	ОН3	ЖИ 3.1 ЖИ 3.2				
	<b>АБ 1</b>				100		
	<b>Модуль II</b>						
8	<p><b>Тәжірибелік сабақ 8</b></p> <p>Ғылыми стильде жазылған мәтінге талдау.</p>	ОН2	ЖИ 2.1 ЖИ 2.2	6	6	Форма тивтік	
	<p><b>Тілдік бағдар</b></p> <p>32-сабақ. Қабыса байланысқан сөз</p>	ОН3	ЖИ 3.1				

	<p>тіркесі. Жанаса байланысқан сөз тіркесі. Қабысу мен жанасуды ажыратудың басты белгілері.</p> <p>33-сабақ. Сөйлем. Сөйлемнің негізгі белгілері. Сөйлемнің түрлері.</p> <p>34-сабақ. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі. Хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдер. Мәтіндегі сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай жиілігі.</p> <p>35-сабақ. Сұраулы сөйлемдердің жасалу жолдары. Жауап берілмейтін сұраулы сөйлемдер.</p> <p>36-сабақ. Бұйрықты, лепті сөйлемдердің ерекшеліктері. Формасы бұйрықты, мақсаты лепті сөйлемдер</p>		ЖИ 3.2				
	<b>Тәжірибелік сабақ 9</b> Мәтіннің әңгімелеу түріне мәтін.				6	Форма тивтік	
9	<p><b>Тілдік бағдар</b></p> <p>37-сабақ. Сөйлем және оның тыныс белгілері. Тыныс белгі мен интонация. Қос тыныс белгі қойылатын тұстар.</p> <p>38-сабақ. Сөйлем мүшелері. Дара және күрделі мүшелер. Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер. Сөйлем мүшелеріне ортақ белгілер.</p> <p>39-сабақ. Бастауыш, сұрақтары, белгілері. Дара және күрделі бастауыш. Бастауыш болатын сөз таптары.</p> <p>40-сабақ. Баяндауыш, ерекшелігі. Есім баяндауыш, етістікті баяндауыш. Дара және күрделі баяндауыштар. Сұрақ қойылмайтын баяндауыштар.</p> <p>41-Бастауыштан кейін қойылатын сызықша. Бастауыш пен баяндауыштың жақтық байланысы.</p>	ОН1	ЖИ 1.1 ЖИ 1.2				
9	<b>ТООЖ 3. БОЖ 3 орындау бойынша кеңес беру ТООЖ.</b> Сөйлем мүшелерінің түрленуіндегі басты шарттар. Тұрлаулы мүшелерге арналған мәтін мазмұнын баяндау, тапсырмаларға грамматикалық сипаттама беру, тест тапсырмаларын мәтін бойынша орындау. Сөйлемнің мақсатына қарай, тұлғасына қарай ажырату жолдары.	ОН2	ЖИ 2.1 ЖИ 2.2	6		Жиынтық	
	<b>БОЖ 3</b> Оқу сауаттылығына арналған мәтіндерді оқып, мазмұндау. Олардың соңынан берілген тест тапсырмаларын орындау.	ОН3	ЖИ 3.1 ЖИ 3.2		15		

10	<b>Тәжірибелік сабақ 10</b> Мәтіннің сипаттау түріне мәтін.	ОН2	ЖИ 2.1 ЖИ 2.2	6	6	Формативтік	
	<b>Тілдік бағдар</b> 42-сабақ. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Толықтауыш, толықтауыш болатын сөз таптары. Тура және жанама толықтауыштар. Мәтіндегі шылау арқылы байланысқан сөз тіркесі сыңарларының толықтауыштық қызметі. 43-сабақ. Пысықтауыш, пысықтауыш болатын сөз таптары. Пысықтауыштың түрлері. 44-сабақ. Анықтауыш, анықтауыш болатын сөз таптары, түрлері, ережелері. Мәтіндегі тұрлаусыз мүшелердің қолданылу жиілігі. 45-сабақ. Айқындауыш мүшелер, түрлері. Айқындауыштың емлесі.	ОН3	ЖИ 3.1 ЖИ 3.2				
11	<b>Тәжірибелік сабақ 11</b> Мәтіннің пайымдау түріне мәтін.				6	Формативтік	
	<b>Тілдік бағдар</b> 46-сабақ. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Жалпылауыш сөздер, тыныс белгілері. 47-сабақ. Синтаксистік талдау үлгілері. 48-сабақ. Сөйлем мүшелеріне жатпайтын сөздер, олардың сипаты. 49-Оқшау сөздер. Одағай сөздердің тыныс белгілері. 50-сабақ. Қыстырма сөздер, олардың сөйлемдегі қызметі. Қаратпа сөздер, тыныс белгілері	ОН1	ЖИ 1.1 ЖИ 1.2				
11	<b>ТООЖ 4. БӨЖ 4 орындау бойынша кеңес беру ТООЖ.</b> Оқу сауаттылығына арналған мәтіннің тақырыптық, идеялық мәнін анықтау. Көркемдегіш құралдардың теориялық сипаты. Мәтін мазмұны мен грамматикалық тапсырмаларды байланыстыру. Мәтін бойынша берілген тест тапсырмаларының жауабын табу.	ОН2	ЖИ 2.1 ЖИ 2.2	6			
	<b>БӨЖ 4:</b> Оқу сауаттылығына арналған мәтіндер тапсырмасын орындау. Мақал мәтелдерді тақырыптық деңгейге бөлу. Тұрақты сөз тіркестеріне сөйлем жазу.	ОН4	ЖИ 4.1 ЖИ 4.2		15	Жиынтық	
12	<b>Тәжірибелік сабақ 12</b> Мәтінді оқу. Оның түрлері.	ОН2	ЖИ 2.1		6	Формативтік	

	<b>Тілдік бағдар</b> 51-сабақ. Жай сөлем синтаксисі. Жай сөйлемнің түрлері. Жақты және жақсыз сөйлемдер. 52-сабақ. Жалаң және жайылма сөйлемдер. 53-сабақ. Толымды және толымсыз сөйлемдер. Мәтін бойынша жай сөйлемдерді түрлендіру.	ОНЗ	ЖИ 2.2 ЖИ 3.1 ЖИ 3.2				
13	<b>Тәжірибелік сабақ 13</b> Мәтінді шешудің түрлері.			6		Формативтік	
	<b>Тілдік</b> 54-сабақ. Атаулы сөйлем. Оның ерекшелігі. Атаулы сөйлемдегі шарттық. 55-сабақ. Салалас құрмалас сөйлем. Жалғаулықты және жалғаулықсыз салалас. 56-сабақ. Ыңғайлас салалас, Қарсылықты салалас, себеп салдар салалас. 57-Түсіндірмелі салалас, кезектес салалас. Салалас құрмаластың тыныс белгілері.	ОНЗ	ЖИ 3.2 ЖИ 3.3				
13	<b>ТООЖ 6. БӨЖ 5 орындау бойынша кеңес беру</b> <b>ТООЖ.</b> Оқу сауаттылығы мәтіндерін оқып, мазмұндау. Тест тапсырмалары мен грамматикалық сұрақтардың жауабын табу.	ОН4	ЖИ 4.1 ЖИ 4.2	6			
	<b>БӨЖ 5</b> Оқу сауаттылығына арналған мәтіндерді оқып, мазмұндау. Олардың соңынан берілген тест тапсырмаларын орындау. Грамматикалық тапсырмалар бойынша берілген тапсырмаларды сөйлем құрамы арқылы сараптау.	ОН1	ЖИ 1.1 ЖИ 1.2		15	Жиынтық	
14	<b>Тәжірибелік сабақ 14</b> Мәтінге сай мақал – мәтелдерді таңдау.	ОН4	ЖИ 4.1 ЖИ 4.2	6	6	Формативтік	
	<b>Тілдік бағдар</b> 58-сабақ. Сабақтас құрмалас сөйлем. Түрлері. Шартты, ұарсылықты бағыныңқылы сабақтастар. 59-сабақ. Мезгіл және мақсат бағыныңқылы сабақтастар. 60-сабақ. Қимыл сын және себеп	ОН1	ЖИ 1.1 ЖИ 1.2				

	бағыныңқылы сабақтастар. 61-сабақ. Көп бағыныңқылы сабақтастар, жасалу жолдары, түрлері. 62-сабақ. Аралас құрмалас сөйлем.Диалог. Төл сөз бен автор сөзі. Тыныс белгілері.						
15	<b>Тәжірибелік сабақ 15</b> Шешендік сөздер мен мақал-мәтелдер	ОН4	ЖИ 4.1 ЖИ 4.2	6	6	Форма тивтік	
	<b>Тілдік бағдар</b> 63- сабақ.Стиль және оның түрлері. 64- сабақ.Көркемдегіш құралдардың түрлері, топтасуы. 65-сабақ. Шешендік өнер. 66-сабақ. Қорытынды сабақ. Қайталау.	ОН3	ЖИ 3.1 ЖИ 3.3				
	<b>ТООЖ 7. БӨЖ 6 орындау бойынша кеңес беру</b> <b>ТООЖ</b> Атақты ғалымдардың, жазушылардың өмірінен алынған диалогтардан төл сөздерден орналасу позицияларын анықтап, тыныс белгілерін дұрыс қою. Көркем шығармадан келтірілген үзінділерді төлеу сөзбен беру.						
15	<b>БӨЖ6</b> : Оқу сауаттылығына арналған мәтіндерді оқып, мазмұндау. Олардың соңынан берілген тест тапсырмаларын орындау. Грамматикалық тапсырмалардың тақырыптық еркшеліктеріне назар аудару. Өтілген тақырыптар бойынша берілген тапсырмаларды сөйлем құрамы арқылы сараптау.	ОН4	ЖИ 4.1 ЖИ 4.2		15	Жиын тық	
	<b>ТООЖ 5. Оқыған материалдың құрылымдық-логикалық сызбасын жасау.</b>						
	<b>АБ2</b>				<b>100</b>		

[Қысқартулар: ӨТС – өзін-өзі тексеру үшін сұрақтар; ТТ – типтік тапсырмалар; ЖТ – жеке тапсырмалар; БЖ – бақылау жұмысы; АБ – аралық бақылау.

Ескертулер:

- Д және ПС өткізу түрі: /ZOOM-да вебинар (10-15 минутка бейнематериалдардың презентациясы, содан кейін оны талқылау/бейнематериал, слайд, кесте тірек-сызбалар, тест/есептерді шешу/...)

- БЖ өткізу түрі: вебинар (бітіргеннен кейін тыңдаушылар жұмыстың скриншотын топ басшысына тапсырады, топ басшысы оларды оқытушыға жібереді) / Moodle ҚОЖ-да тест.

- Курстың барлық материалдарын (Д, ӨТС, ТТ, ЖТ және т.б.) сілтемеден қараңыз (Әдебиет және ресурстар, 6-тармақты қараңыз).

- Әр дедлайннан кейін келесі аптаның тапсырмалары ашылады.

- БЖ-ға арналған тапсырмаларды оқытушы вебинардың басында береді.]

Кафедра меңгерушісі

Дәріскер

Н.Б. Тәуекелов

А.М. Какенова